

3 CRIMINAL LAW, CRIMINAL PROCESS ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ УГОЛОВНОЕ ПРАВО, УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС

FTAXP 10.77.35
ЭОЖ 343.241
JEL K14

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-97-107>

УРБИСИНОВА Н.Е.,*¹

докторант.

*e-mail: nukon_81@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-4380-2292

АКИМЖАНОВ Т.К.,¹

з.ғ.д., профессор.

e-mail: akimzhanovtk@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0402-7441

ЖУГРАЛИНА Б.М.,¹

з.ғ.к., қаумдастырылған профессор.

e-mail: ba.zhugralina@turan-egu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5786-5713

БУКАЛЕРОВА Л.А.,²

з.ғ.д., профессор.

e-mail: l_a_buka@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2794-5074.

¹«Тұран» университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Мәскеу энергетика институты,

Мәскеу қ., Ресей

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА МАҚСАТТАРЫНЫҢ ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ ИНСТИТУТЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Аңдатпа

Мақалада қылмыстық жаза мақсаттарын ҚР Қылмыстық Кодексінде және Қылмыстық-атқару Кодексінде заңнамалық бекітудің негізгі ережелерінің мазмұны ашылатын болады және олардың қазіргі кездегі шынайылығына сәйкестігі тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау жасалады. Автор өз зерттеуінде кеңестік және посткеңестік дәуірлерде жұмыс істеген ғалымдардың, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының зерттеушілерінің қылмыстық жаза ұғымының жалпы мазмұнын қалыптастыруға және оның қазіргі түсінігін айқындауға қосқан үлестерін қарастырады. Сонымен қатар, жұмыста қылмыстық жаза мақсаттарын анықтау мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастар жүйеленіп, жазаларды орындау саласындағы құқық қолдану тәжірибесінде кездесетін бірқатар қайшылықтар көрсетілген. Зерттеудің басты мақсаты – жаза мақсатының заңнамалық тұрғыдан бекітілуінің ерекшеліктерін ашып көрсету, сондай-ақ жаза тағайындау процесіне және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының қызметіне оның ықпал ету мүмкіндігін талдау болып табылады. Зерттеу барысында жаза мақсаттарының қылмыстық-құқықтық ықпал ету жүйесіндегі мәні мен рөлін айқындау көзделген. Жұмыстың ғылыми жаңалығы жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату тегі арқылы жаза мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерін жан-жақты талдау нәтижесінде негізделген жаңа тұжырымдамалық қорытындыларды ұсынуымен айқындалады. Тәжірибелік маңыздылығы – жаза мақсаттарын мақсатқа сай қолдану мүмкіндігін ашады. Зерттеу барысында тақырыпқа сәйкес әдістер мен қажетті нормативтік құқықтық актілер қолданылды.

Тірек сөздер: қылмыстық жаза, жазаның мақсаты, жазалау тиімділігі, жалпы және арнайы алдын алу, қылмыстылықтың профилактикасы, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қабылданған қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамалары елдің құқықтық жүйесінің дамуындағы маңызды кезең болып табылады және ұлттық құқықтық кеңістіктің жетілуін айқындайтын елеулі құқықтық құбылыс ретінде бағаланады.

Біріншіден, аталған заңнамалардың қабылдануы еліміздегі құқық қорғау қызметін жетілдіруге, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық-атқару салаларындағы құқықтық реттеуді одан әрі дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нәтижесі болып табылады.

Екіншіден, Қазақстанның қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының қалыптасуына құқық қолдану тәжірибесінде жинақталған практикалық тұжырымдар мен құқық қорғау органдарының қызметіндегі нақты қажеттіліктер де айтарлықтай әсер етті, бұл әсіресе елдегі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқандардың жоғары деңгейімен де түсіндіріледі.

Үшіншіден, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және Қазақстанның халықаралық құқық нормаларын орындауға деген ұмтылысы да маңызды рөл атқарды.

Аталған мәселе шеңберінде жаза мақсаттарын нормативтік тұрғыдан бекіту қағидалары зерделеніп, олардың жүзеге асу ерекшеліктері шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының тәжірибесі негізінде талданады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 39-бабының 2-бөлігінде қылмыстық жазаның мәні мен мақсаттары айқын көрсетілген: жаза қоғамдағы әділеттілікті қалпына келтіруге, сотталған адамды түзетуге, сондай-ақ өзіне және басқа адамдарға жаңа қылмыс жасауға мүмкіндік бермеуге бағытталуы тиіс.

Сонымен бірге, заң жазаның адамға тән азабын шектіруді немесе қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейтіні де атап көрсетеді [1].

Осы заң нормаларына сүйене отырып, жаза мақсаттары мәселесі сырт көзге қарағанда айқын болып көрінгенімен, шын мәнінде ол күрделі әрі көпқырлы ұғым болып табылады. Себебі, жаза тек құқықтық шара ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және тәрбиелік мазмұнға ие күрделі институт ретінде сипатталады.

Осы себепті, кеңеске дейінгі, кеңестік және посткеңестік кезеңдердің көптеген ғалымдарының оған мұқият назар аударғанына қарамастан, жалпыға бірдей танылатын ұстаным қалыптаспады.

Қылмыстық жаза мақсаттарының теориялық және практикалық мәселелерін шешудегі жеткіліксіздігін заң әдебиеттеріне талдау нәтижесі дәлелдейді.

Сонымен, қылмыстық жаза мақсаттарын дұрыс түсіну теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Қоғамдағы өмірде кез келген әрекет саналы ниет пен нақты мақсатсыз жүзеге аспайтыны жалпыға белгілі қағида болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу қылмыстық жазаның мақсаттарының шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтында іске асырылу тетіктерін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кешенді талдауға негізделген. Осы бағытта зерттеу барысында қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамаларының нормалары, пробация қызметінің деректері және ресми статистикалық мәліметтер пайдаланылды. Сонымен қатар, қылмыстық саясат пен жазалау жүйесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, баяндау сипатындағы дереккөздер, анықтамалық әдебиеттер қамтылған материалдар қолданылды. Зерттеу әдістемесі кешенді ғылыми тәсілге негізделді. Оның негізінде өзекті зерттеулерді анықтау, бағалау және біріктіру мақсатында жүйелі шолу әдісі қолданылды. Тақырыпқа қатысты мақалалар, конференция материалдарын жинақтау үшін академиялық деректер базаларында іздеу жүргізілді.

Құқықтық-нормативтік талдау арқылы жазаның мақсаттарына қатысты заң нормаларының мәні мен мазмұны анықталды, ал догматикалық тәсіл қылмыстық жаза мақсатының теориялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-құқықтық әдіс арқылы мемлекеттердің құқықтық тәжірибесі салыстырылды.

Зерттеу барысында қылмыстық құқық ғылымында жүйелі түрде қолданылатын тарихи, құрылымдық, салыстырмалы құқықтық және тәжірибелік талдау, сонымен қатар деректерді өңдеу мен тақырып аясында әлеуметтік маңызы бар тұжырымдарды объективтендіруге мүмкіндік беретін диалектикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қоғамдағы қылмыстық жазаның мақсаты көпқырлы болып, мемлекеттің тұрақтылығын сақтау және қоғамдық қатынастарды әлеуметке қауіпті әрекеттерден қорғау бағытында жүзеге асады.

Осыған орай, жаза жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау арқылы қоғамдағы құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті және жалпы әлеуметтік әл-ауқатты нығайтуға ықпал етеді. Жаза – бұл мемлекет тарапынан қылмыстық құқық бұзушылыққа, оның ішінде қылмыстық теріс қылыққа немесе қылмысқа қарсы қолданатын заңды ықпал ету шарасының нысаны болып саналады. Ол қоғамға қауіпті іс-әрекетке берілетін мемлекеттік құқықтық реакция ретінде көрініс табады. Жазаның мазмұны мен оның ауырлық дәрежесі жасалған құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік деңгейіне, сондай-ақ оны жасаған адамның жеке және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты белгіленеді.

Белгілі қазақстандық ғалым У.С. Джекебаев қылмыстық жаза мақсаттарын дұрыс ұғынудың теориялық әрі практикалық тұрғыдан маңызды екенін ерекше атап өткен. Бұл тұрғыда қылмыстық жаза мақсаттары туралы нақты түсінік олардың мағыздылығын айқындайды. Сонымен қатар, заң шығарушы белгіленген мақсаттар арқылы қолданылатын құқықтық құралдарды таңдау процесіне де әсер етеді, екінші жағынан, сол құралдардың өзі көзделген мақсатқа жету жолдары мен тәсілдерін айқындайды. Мұндай өзара байланыстар мен тәуелділіктерді терең түсіну қылмыстық заңнаманы жетілдіру ісінде де, оның нақты тәжірибелік қолданылуында да ерекше маңызға ие [2, 2 б.].

Осылайша, жазаларды тағайындаудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету үшін алдымен қылмыстық жаза мақсаттарының нақты мазмұнын тұжырымдамалық түрде анықтау керек, содан кейін оларды қолдану туралы талқылау керек.

ҚР ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жазаның алғашқы міндеті – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру болып табылады. Бұл ұғым өзінің табиғаты жағынан абстрактілі санатқа жатады және оны жай ғана әділеттілік түсінігінен ажырату қажет. Мұндағы айырмашылық – әділеттілікті тек іс-әрекет пен жазаның сәйкестігі ретінде емес, қоғам, мемлекет, жәбірленуші мен сотталған тұлғаның мүдделерінің теңгерімі ретінде қарастыруында.

Әлеуметтік әділеттілік мәселесіне ғылыми талдау жүргізген ғалымдардың бірі – ресейлік зерттеуші Ю.И. Бытко, ол өз еңбегінде әділеттіліктің қылмыстық саясаттағы рөлін жан-жақты сипаттайды [3, 109 б.].

Айта кетерлігі, Қазақстан мен ТМД мемлекеттерінің қылмыстық-құқықтық жүйесінде жазаның негізгі мақсаты ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді көрсету мәселесі әлі күнге дейін ғылыми қауымдастықта пікірталас тудырып отыр. Мысалы, David Garland өз зерттеулерінде жазаны әлеуметтік институт ретінде қарастырып, оның қоғамдағы қызметтік рөлін ерекше атап өтеді [4, 381 б.].

Бірқатар ғалымдар жазаның әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру функциясын мойындамайды. Олардың пікірінше, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруді мақсат ету қылмыстық жазаның табиғатына сәйкес келмейді, себебі жәбірленушінің құқықтарын қайта орнына келтіру және шығынды өтеу азаматтық-құқықтық қатынастар арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін. Осылайша, қылмыстық жаза нақты материалдық немесе моральдық шығынды өтей алмайды, тек қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік сезімен ішінара қамтамасыз етеді [5, 364 б.].

Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер жазаның қайта қалпына келтіруші әлеуеті бар екенін алға тартады [6, 364 б.]. Олардың пікірінше, жаза белгілі бір дәрежеде өтемақылық сипатқа ие болып, қоғам мен жәбірленушінің әділет сезімін орнына келтіруге ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру дегеніміз – қылмыстық әрекет нәтижесінде бұзылған жеке тұлғалардың, қоғамның және мемлекеттік мүдделерді бастапқы тепе-теңдік жағдайына қайтару процесі болып табылады. Бұл ұстанымды бірқатар ресейлік ғалымдар да қолдайды [7, 222 б.].

Дегенмен, әлеуметтік әділеттілікті толық көлемде қалпына келтіру әрдайым мүмкін емес. Мысалы, ауыр қылмыстар – адам өлтіру немесе зорлық-зомбылық істерінде, жәбірленушіге келген зиян орны толмас сипатта болады. Сондықтан мұндай жағдайларда жазаның басты мәні кек алу емес, қоғамдық әділет сезімін орнату және алдын алу әсерін күшейту болып табылады.

Біздің көзқарасымызша, қазіргі таңда мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясаты жазаның мәнін де, мақсатын да қайта қарауды қажет етеді. Бұл бағытта жазаның алдын алу және қайта тәрбиелеу функциялары басым болуы тиіс, себебі дәл осы элементтер қылмыстық әділет жүйесін адамгершілік және әлеуметтік тұрғыдан тиімді етеді.

Қылмыстық заңнаманы жетілдіруде маңызды орын қылмыстық жазаның мәні мен мақсаттарын нақтылау мәселелеріне жатады. Бұл мәселе қазіргі уақытта жазаға қатысты жаңа тұжырым қалыптастыруға бағыттайды.

Мысалы, осы саланы зерттеуші ресей ғалымдары жазаның тиімділігі негізінен жазаны қолдану нәтижесінің оны қолдану мақсаттарына сәйкестігімен анықталады деген ұстанымы мен тұжырымдары ерекше назар аударуға тұрарлық. Олар бастапқы қылмыстық статистиканы, рецидивтік және пенитенциарлық қылмыстылық деңгейін талдай отырып, Ресей заңнамасында жазалау мақсаттарының іске асу тиімділігінің төмен екенін көрсетеді. Ағымдағы заңнамада жаза осы мақсаттарға жетудің негізгі құралы болып саналады, ал сот оларды іске асырудың сапасына жауапты орган болып табылады. Автордың пікірі нақты шынайылықты көрсетті [8, 595 б.]. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 43-бабы [9] тиімді деп бағаланғанымен, ол утопиялық көзқарасты білдіреді: бұл бапқа сәйкес жаза тек қылмыскерді түзетіп қана қоймай, жалпы қылмыстылықпен күресуге де қабілетті болуы тиіс.

Елімізде жазаға қатысты және оны тағайындау барысында тиімділігін бағалауда келесі маңызды аспектілерді ескеру қажет.

Біріншіден, жаза дұрыс тағайындалды ма?

Екіншіден, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің тиісті баптары сотталған тұлғаға қандай жаза түрі қолданылатын нақты анықтады ма деген сұрақ туындайды.

Үшіншіден, жазаның ҚР ҚК 39-бабының 2-бөлігінде [1] белгіленген мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндігіне назар аудару қажет.

Жазаның екінші негізгі мақсаты – сотталған тұлғаны түзеу болып табылады. Түзеу процесі сотталғанның бойында құқыққа құрметпен қарау дағдысын қалыптастыруға, жеке тұлғаға, қоғамға және еңбекке оң көзқарас орнатуға, сондай-ақ қоғамдық тәртіп нормалары мен мінез-құлық ережелерін қабылдауға бағытталған.

Сотталған адамды түзеудің басты мақсаты – оның құқыққа қайшы көзқарастары мен мінез-құлқын өзгертіп, қоғам талаптарына сай заңды құрметтейтін тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл үдерістің нәтижесінде сотталған адам бірден жоғары моральдық деңгейге көтеріледі дегенді білдірмейді. Негізгі міндет – жазаның бұлтартпас сипаты арқылы оны болашақта жаңа қылмыстар жасаудан тежеп, құқық бұзушылықтан саналы түрде бас тартуға жетелеу.

Түзеу процесі кінәлі тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалған сәттен басталады және ол қылмыстық жауапкершілікке тартылған кезден бастап жүзеге асады. Бұл процесс сот талқылауы мен үкім шығару кезеңінде жалғасып, ең белсенді түрде жазаны өтеу барысында көрініс табады.

Түзеу тек қана сотталғанның қоғамға қарсы әрекеттерін бейтараптандырумен шектелмейді. Сонымен қатар оның әлеуметтік және моральдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мұндай тәрбиелік ықпалдың түпкі нәтижесі – сотталған тұлғаның заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастырып, оны әлеуметтік өмірге қайта бейімдеу болып саналады.

Мысалы, Америка Құрама Штаттарында жаза тағайындаудың қатаң саясаты «түрмедегі» ұзақ, міндетті ең төменгі мерзімдер, түрме тұрғындарының жасының ұлғаюына әкелді [10].

Қолданыстағы шартты түрде мерзімінен бұрын босату жүйелері көптеген Штаттарда өте дискрециялық сипатқа ие, тиісті процедуралар мен қадағалаудың болмауына және объективті қарау стандарттарына байланысты артық жазаларды азайту тұрғысынан тиімсіз [11].

Заңнамада көрсетілген қылмыстық жазаның үшінші мақсаты – сотталған тұлғаны белгілі бір ортадан оқшаулау арқылы оның жаңа құқық бұзушылықтар жасауына жол бермеу. Ғылыми әдебиеттерде бұл міндет әдетте жеке алдын алу ретінде қарастырылады.

Аталған мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін сотталған адамның тұлғалық ерекшеліктерін жан-жақты зерделеу қажет. Мұндай зерттеу жазаны тағайындау сәтінде айрықша мәнге ие, себебі әділ шешім қабылдау әр адам – соның ішінде заң талаптарына қайшы келетін әрекет жасаған тұлғаның – психологиялық, биологиялық және әлеуметтік сипаттарын ескеруді талап етеді.

Осыған байланысты құқықтық критерийлер қажет болған жағдайда әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштермен толықтырылуы тиіс. Бұл тәсіл қылмыскердің тұлғасында қоғамға қайшы бағыттылықтың немесе жеке теріс қасиеттердің бар-жоғын анықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әрбір қылмыс субъектісінің дара психологиялық және әлеуметтік белгілерін талдау қылмыстардың туындау себептері туралы маңызды ақпарат береді және жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қалыптастыруға ықпал етеді. Кейбір жағдайларда жалпы алдын алу әсері сот процесіне қатыспаған немесе оқиғаны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы білген өзге азаматтарға да ықпал етеді.

Бұдан басқа, Қазақстанда заңнамалық деңгейде Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заңының 20-бабында құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының жүйесі бойынша жалпы ережелер бекітілген. Бұл заңға сәйкес профилактикалық әрекеттер, яғни жалпы, арнайы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылады [12].

Қылмыстық заңнамада жазаның төртінші мақсаты – болашақта белгілі бір жағдайларды, жеке тұлғалардың субъективті ерекшеліктеріне байланысты қылмыс жасау мүмкіндігі бар адамдардың құқық бұзушылықтарының алдын алу (қағида бойынша: біреуді жазалай отырып, көпшілігін қорқыту) немесе жалпы алдын алу деп аталады.

Сонымен соңғысы. ҚР ҚК-нің 39-бабы 2-бөлігінде жаза адамның тәніне азап келтіруді немесе оның ар-намысын қорлауды мақсат етпейтіні көрсетілген.

Біздің ойымызша, бұл норма нақтылауды қажет етеді.

Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылатын қылмыстық жазаны тағайындау кезінде басты назар сотталған адамның физикалық азап шекпеуін және оның ар-намысы мен қадір-қасиетінің қорланбауын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бұл ретте, мысалы, қол кісендерін қолдану, айдауылмен алып жүру, арнайы көлікте тасымалдау, сот процесінде немесе камерада ұстау, сондай-ақ тұлғаны бұқаралық ақпарат құралдарында жария көрсету сияқты шаралар кезінде адам құқықтары барынша сақталуы қажет.

Зерттеуші Б.К. Шнарбаев атап өткендей, жаза институты өз табиғатынан белгілі бір шектеулер мен зардаптарға алып келетін ықпал ету шарасы болып табылады. Қылмыстық жаза қолданылған кезде туындайтын азаптар адамның физикалық күйіне, моральдық-рухани жағдайына, материалдық ахуалына немесе өзге де өмірлік салаларына әсер ететін түрлі сипатта көрініс табуы мүмкін. Мысалы, бас бостандығын айыру жазасы сотталған адамның негізгі құқықтары, ең алдымен еркіндігін шектеуге бағытталған, ал айыппұл салу немесе мүлікті тәркілеу оның материалдық жағдайына теріс әсерін тигізеді [13, 65 б.].

Қылмыстық заңнама қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыр және қасақана қылмыс жасаған, бірнеше рет сотталған тұлғаларға қатысты қатаң шараларды қолдануды көздеуі тиіс. Мұндай адамдарды қоғамнан оқшалау – басқа азаматтардың қауіпсіздігін қорғаудың қажетті механизмі болып табылады.

Сонымен қатар, бірінші рет қылмыс жасаған немесе абайсыздықпен құқық бұзған тұлғаларға қатысты қылмыстық саясат жеңілдетілген, түзетуші сипатта жүргізуі қажет.

Бас бостандығынан айырумен байланысты шектеулер мен жазаны орындаудың жалпы қағидалары, сондай-ақ түзеу мекемелерінің түрлері ҚР-ның Қылмыстық-атқару кодексінің 16-тарауында нақты көрсетілген [14].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 43-бабында [9] жазаның мазмұны мен мақсаттары салыстырмалы түрде нақты көрсетілген. Алайда, бұл бапта жазаның адамның тәніне қасақана азап келтіруді немесе оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауды мақсат етуге жол берілмейтіні жөнінде арнайы норма көзделмеген.

Бұл, біздің ойымызша, қисынды, өйткені сотталған адамды түзеу мекемесіне жіберудің өзі – оның өмір сүру жағдайларына байланысты белгілі бір физикалық және моральдық қиындықтарды қамтиды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде бекітілген жаза мақсаттары ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің 4-бабының 1 және 3-тармақтарында да көрініс тапқан. Онда жазаларды сонымен қатар, өзге қылмыстық-құқықтық сипаттағы ықпал ету құралдарын қолдану, адамның қадір-қасиетін кемсітуге не қорлауға немесе физикалық азап келтіруге бағытталмауы тиіс екені нақты белгіленген [1].

Қарастырылып отырған мәселенің келесі аспектісі – біздің ойымызша, жазаны орындау процесінде жеткілікті тиімді емес маңызды және тиімді қылмыстық құқық институты ретінде жазаларды өтеуден шартты негіздегі ерте босату тетігін іске асыру қылмыстық жазалардың тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

ҚР-да қылмыстық жазаларды тағайындаудың тиімділігінің жеткіліксіздігіндегі проблемалар үкім шығару кезінде соттардың жаппай жіберген қателіктерімен де куәландырылады.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті жариялаған сот қызметі туралы есептердің деректеріне сүйенсек (№10 нысан), 2014 жылғы ҚР ҚК күшіне енген сәттен бастап ақталған тұлғалардың саны төмендегідей болады: 2015 ж. – 619 ақталушы, 2016 ж. – 784 ақталушы, 2017 ж. – 831, 2018 ж. – 815, 2019 ж. – 840, 2020 ж. – 474, 2021 ж. – 413, 2022 ж. – 379, 2023 ж. – 309 ақталушы болған. 2014 жылғы ҚР ҚК күшіне енген сәттен бастап ақталғандардың саны – 5464 адамды құрады [15].

2025 жылдың жарты жылдығында қылмыстық сот ісін жүргізуде ақталған адамдар саны 49%-ға (90-нан 134-ке дейін), ал жеке айыптау істерін есепке алмағанда – 128%-ға, яғни екі еседен астам (26-дан 58-ге дейін) өсті. Ақталғандардың мұндай өсуі соттардың жұмысында айыптаудың төмендеуін көрсетеді [16].

Жазаның қалған бөлігін шартты негізде мерзімінен бұрын өтеуден босату институтының мәні ҚР ҚК-нің 72-бабының 3-нақты көрсетілген. Бұл бапқа сәйкес, аталған институт жазаның белгілі бір бөлігі өтелгеннен кейін және оның түзелу деңгейі сот тарапынан мойындалған жағдайда, сот тағайындаған бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігін қарастырады.

Сонымен бірге, атап өткен жөн, шартты түрде мерзімінен бұрын босату барлық жаза түрлеріне қолданылмайды. Ол тек бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығын шектеу жазаларына сотталған адамдарға қатысты қолданылады. Яғни, бұл институт уақытша немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру сияқты ең қатаң жаза түрлеріне байланысты қолданылады және оның мақсаты – түзелу жолына түскен тұлғаға қоғамға қайта бейімделуге мүмкіндік беру болып табылады.

Бұл қылмыстық құқық институты сала аралық институт болып табылады, өйткені ол қылмыстық құқық шеңберінен шығады (ҚР ҚК 72-бабы) және қылмыстық процесілік құқығын (ҚР ҚПК 480-бабы) және қылмыстық-атқару құқығын (ҚР ҚАК 161 және 162-баптары) қамтиды.

Мысалы, ҚР ҚК 72-бабының 1-бөлігінде көрсетілгендей, аталған баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде белгіленген мерзім толық орындалғаннан кейін, бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығынан шектеу түріндегі жазаны өтеп жүрген адамды сот, егер оның түзелуі үшін жазаны ары қарай өтеу қажеттілігі жоқ деп тапса, шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі заңнамамен қарастырылған.

ҚР ҚПК-нің 480-бабында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қараудың іс жүргізу тәртібі айқындалған. Аталған нормаға сәйкес, жазаның өтелмеген бөлігін сотталған адамның өтініші түскен жағдайда, оны шартты түрде мерзімінен бұрын босату не жазаны жеңіл түріне өзгерту мәселесі сот қарауына шығарылады. Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 478 баптың 5-бөлігінде көзделген жекелеген жағдайларда, сондай-ақ ынтымақтастық туралы процессуалдық келісім шеңберінде, мұндай мәселе соттың қарауына Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры немесе оның орынбасарының өтінішхаты бойынша енгізілуі мүмкін (ҚР ҚПК-нің 476-бабының 5 тармағы) [17].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесінде бас бостандығын айыруға немесе бас бостандығын шектеуге сотталған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын қолдану ерекше процессуалдық тәртіпшен жүзеге асырылады. Бұл тәртіптің құқықтық негіздері Қылмыстық-атқару кодексінде айқындалған.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (ҚАК) 161-бабының 1-тармағы 33) тармақшасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазадан босату, жазаны өтеуден босатудың заңды тетіктерінің бірі ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, аталған Кодекстің 162-бабының 1-тармағына сәйкес, сот үкімімен жазаны өтеп жүрген тұлға заңнамада белгіленген жаза мерзімінің қажетті бөлігін орындаған соң, жазаны атқаруға уәкілетті мекеме не орган бес жұмыс күні ішінде оған шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қарау құқығы бар екендігі туралы жазбаша хабарлама беруге міндетті.

Осы арқылы атқару органы сотталған тұлғаның мұндай құқықты іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жазаны толық өтемей еркіндікке шығару тәртібін рейтейтін институты – мемлекеттің қылмыстық саясатындағы ізгілендіру бағытының маңызды көрінісі болып табылады. Бұл институт сотталған тұлғаларға қатысты әлеуметтік әділеттілікті сақтай отырып, адамгершілік қағидастарына сүйенген құқықтық ықпал ету тетігі ретінде қарастырылады.

Аталған құқықтық институттың негізгі мақсаты бірнеше бағытты қамтиды: 1) сотталған тұлғаның түзелуіне ықпал ету – түзеу мекемелерінде қалыптасқан оң мінез-құлықты нығайту және құқыққа құрмет сезімін арттыру; 2) қылмыстық әділет жүйесінің жүктемесін азайту – жазаны мерзімінен бұрын тоқтату арқылы сотталғандарды бақылау мен түзетуге жұмсалатын ресурстарды оңтайландыру; 3) сотталған тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу – олардың қоғамға қайта бейімделуіне және құқық бұзушылықтан арылуына жағдай жасау; 4) түзеу мекемелеріндегі контингентті азайту – елдегі «түрме халқының» үлесін төмендету арқылы қылмыстық-атқару жүйесін гуманизациялау.

Шартты түрде босату – жаза мақсаттарына жету үшін ерекше маңызды қылмыстық және әлеуметтік саясаттың шарасы. Сондықтан, сотталғандарды оңалту және әлеуметтік қайта бейімделу процесін жеделдетуге бағытталған, бас бостандығынан айыру жазасын қысқарту арқылы түзетуді көрсететін сотталғандар үшін ынталандыру ретінде қарастырылады [18].

Жалпы алғанда, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты тек қылмыстық жазаны жеңілдетудің нысаны ғана емес, сонымен қатар қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру мен қылмыстық саясаттың тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырылады.

2014 жылдың 3 шілдесінде қабылданып, 2015 ж. күшіне енген ҚР Қылмыстық кодексінің енгізілуімен бірге Қазақстан Республикасы бойынша жазасын өтеуден шартты түрде босатылған адамдардың статистикасын келтірейік.

Мәселен, 2015 ж. Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған сотталғандардың саны ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің деректері бойынша – 5674, 2016 ж. – 4632, 2017 ж. – 2786, 2018 ж. – 3962, 2019 ж. – 2993, 2020 ж. – 2256, 2021 ж. – 2217, 2022 ж. – 2689 адамды құрады [15].

Сонымен қатар, құқық қолдану тәжірибесі шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың практикалық тиімділігі күткендей жоғары еместігін көрсететін қосымша деректерді байқатады.

ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің статистикалық мәліметтеріне жүгінсек, 2015 жылдан бері жыл сайын шамамен екі мыңға жуық сотталған адамға мерзімінен бұрын босатудан бас тарту туралы шешім қабылданады. Бұған қоса, заң бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға әлеуетті түрде жата алатын тұлғалардың жалпы санын ескергенде, бұл көрсеткіш тағы да 1500–2000 адамға көбейетіні анық. Осы деректер аталған институттың толық көлемде пайдаланылмай отырғанын айқын көрсетеді.

В.А. Авдеевтің еңбектерінде көрсетілгендей, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының алғашқы элементтері ХІХ ғасырдың 20-жылдары Англиядағы жер аудару тәжірибесі барысында қалыптаса бастаған. Ғалымның пікірінше, бұл құқықтық институттың енгізілуі бірнеше әлеуметтік және экономикалық мақсаттарды көздей отырып, отарланған аумақтарға сәйкес жаңа қоныстарды халықпен қамтамасыз ету міндетін шешуге, жер аударылғандардың еңбек өнімділігін арттыру және оларды қоғамдық пайдалы еңбекке тартуға, шартты түрде мерзімінен бұрын босату тетігі сотталғандардың заңға бағынатын мінез-құлқын ынталандыруға бағытталды [19, 22 б.].

Нәтиже. Жүргізілген зерттеулер мен тәжірибелік деректер Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының әлеуеті толық жүзеге асырылмай отырғанын көрсетеді. Қолданыстағы құқықтық тетік сотталғандарды түзеу және олардың

қоғамға қайта бейімделу міндетін орындауда өз миссиясын толық көлемде жүзеге асыра алмай отыр. Мысалы, жыл сайын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан тұлғалардың бірқатарына қатысты жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді соттың қарауына жібермеу жағдайлары тіркеледі. Бұл құбылыс аталған институттың іс жүзінде жүзеге асырылуында белгілі бір әкімшілік және ұйымдастырушылық шектеулер бар екенін байқатады.

Жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініш берген сотталғандардың небәрі 35–40 пайызы ғана бұл құқықты түрде жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Бұл көрсеткіш аталған институттың қолданылу деңгейінің әлі де шектеулі екенін айғақтайды. Ал жаза мерзімінің заңда белгіленген бөлігін өтеп, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ресми түрде жататындардың 60 пайыздан астамы өз құқықтарын пайдалану мүмкіндігінен тыс қалып отыр.

Мұндай жағдай қылмыстық-атқару жүйесінің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар жазаның түзету және әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсаттарының толық орындалмауына әкеледі. Осыған байланысты, шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жетілдіру және оны қолдану тетіктерін оңтайландыру – қылмыстық саясатты ізгілендіру мен сотталғандарды әлеуметтік бейімдеудің маңызды бағыты болып табылады.

Қорытынды

Жұмысты қорытындылай отырып, төмендегі ұсыныстарды келтіруге болады:

1. Шет мемлекеттерде қалыптасқан шартты түрде мерзімінен бұрын босату тетіктерін зерделеу бұл институтты жетілдірудің бірқатар бағыттарын айқындайды, сол себепті шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану бойынша босатылған барлық сотталғандарды ҚР Үкіметі белгілеген еліміздің өңірлеріне жіберуге болады, соңғысы оның құрылысына тұрғын үй немесе учаске бөле отырып, оның жаңа өмір бастауы және бұл ретте өзіне де, елге де пайда әкелуі мүмкін.

Бұл бағытты тиімді іске асыру үшін, ең алдымен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексі мен Қылмыстық-атқару кодексіне тиісті түзетулер енгізу талап етіледі. Сонымен қатар, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған жаңа мемлекеттік саясатты (оның ішінде азық-түлік бағдарламасын) қалыптастыру маңызды. Мұндай бастамаларды жүзеге асыруға азаматтық қоғам институттарымен қатар қылмыстық-атқару жүйесінің қызметі, ең алдымен, сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ауыл шаруашылық әлеуетін күшейтуге бағытталуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын жетілдіру мақсатында жазаны өтеудің міндетті шекті мерзімдерін қайта қарау орынды деп есептеледі.

Атап айтқанда, аталған баптың 3-бөлігінде көрсетілген шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың міндетті алғышарты болып табылатын жаза бөлігін өтеу мерзімдерін оңтайландыру қажеттілігі туындап отыр. Осыған сәйкес, жеңіл санаттағы қылмыстар бойынша – бір жылға дейін, орташа ауырлықтағы қылмыстарға қатысты – екі жылға дейін, ауыр қылмыстар үшін – үш жылға дейін, ал аса ауыр қылмыс жасағандар бойынша – төрт жылға дейін қысқарту тиімді болар еді. Мұндай түзету шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану мүмкіндігін кеңейтіп, оның профилактикалық және әлеуметтік қайта бейімдеу әлеуетін арттыра алады.

Ұсынылған тетікті құқықтық реттеуге енгізу сотталғандардың мінез-құлқын оңалтуға бағытталған қылмыстық жазаның негізгі мақсаттарын тиімдірек жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тетік түзеу мекемелеріндегі сотталғандар санын азайтуға және аталған мекемелер қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігі мен бақылау деңгейін арттыруға ықпал етеді.

3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығын пайдалануға мүмкіндік берілген негіздер тізбесін кеңейту. Бұл ретте жаза тағайындауды дараландыру қағидатын сақтау үшін жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған жекелеген санаттарға қатысты белгілі бір шектеулерді сақтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z189/> (өтініш берілген күн: 27.01.2026)
- 2 Джекебаев У.С. Основные принципы уголовного права Республики Казахстан – А.: Жеті жарғы, 2001. – 216 с.
- 3 Бытко Ю.И. Справедливость и уголовная политика: монография. – М.: Юрлит. Информ, 2017. – 211 с.
- 4 Garland D. Sociological Perspectives on Punishment // Principled Sentencing. Oxford: Hard Publishing, 1998, p. 448
- 5 Наумов А.В. Уголовное право. Общая часть: курс лекций. – М., 1996. – 560 с.
- 6 Российское уголовное право: курс лекций. Т. 2. – Владивосток, 1999. – 642 с.
- 7 Современное уголовное право. Общая и Особенная части: учебник. – М.: Илекса, 2007. – 780 с.
- 8 Уголовное право. Общая часть. Наказание. Академический курс. Т.1 – М., 2021. – 820 с.
- 9 Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 N 63-ФЗ (ред. от 29.12.2025). URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_/ (дата обращения: 27.01.2026)
- 10 Komar L., Nellis A., Budd K. Counting Down: Paths to a 20-year Maximum Prison Sentence. Washington, DC: The Sentencing Project. 2023. URL: https://www.researchgate.net/publication/368533465_Counting_down_Paths_to_a_20-year_maximum_prison_sentence/ (accessed: 25.08.2025)
- 11 By Becky Feldman // The Second Look Movement: A Review of the Nation’s Sentence Review Laws. 2025. URL: <https://www.sentencingproject.org/reports/the-second-look-movement-a-review-of-the-nations-sentence-review-laws/#footnote-ref-8/> (accessed: 25.08.2025)
- 12 О профилактике правонарушений. Закон РК от 29 апреля 2010 года № 271-IV. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_ (дата обращения: 24.03.2025)
- 13 Шнарбаев Б.К. Наказание по уголовному законодательству Республики Казахстан: учебное пособие. – Астана: Институт законодательства Республики Казахстан, 2008. – 106 с.
- 14 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (өтініш берілген күн: 24.05.2025)
- 15 Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің есептері: шартты түрде мерзімінен бұрын босағандар саны; соттардың қызметі туралы есептер; қылмыстық қудалау органының негізгі көрсеткіштері. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/files/> (өтініш берілген күн: 11.07.2025)
- 16 Итоги работ за 1 полугодие 2025 года Верховного суда. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36262566 (дата обращения: 10.07.2025)
- 17 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovno-protsessualnyj_kodeks.htm/ (өтініш берілген күн: 24.01.2026)
- 18 Hegheş N-E., Cristiean V. Conditional Liberation – One of the Measures to Achieve the Purpose of Criminal Punishment // RAIS Conference Proceedings. The 12th International RAIS Conference on Social Sciences & Humanities. 2019. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3388041 (accessed: 24.12.2025)
- 19 Авдеев В.А. История формирования института условно-досрочного освобождения. – Иркутск, 2012. – 158 с.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi 2014 jylǵy 3 şildedegı No. 226-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z189/> (ötınısh berılgen kün: 27.01.2026) (In Kazakh)
- 2 Dzhekebaev U.S. (2001) Osnovnye principy ugolovnogo prava Respubliki Kazahstan A.: Jetı jarǵy. 216 p. (In Kazakh)
- 3 Bytko Ju.I. (2017) Spravedlivost’ i ugolovnaja politika: monografija. M.: Jurlit. Inform. 211 p. (In Russian)
- 4 Garland D. (1998) Sociological Perspectives on Punishment // Principled Sentencing. Oxford: Hard Publishing, p. 448. (In English)
- 5 Naumov A.V. (1996) Ugolovnoe pravo. Obshhaja chast’: kurs lekcij. M. 560 p. (In Russian)
- 6 Rossijskoe ugolovnoe pravo: kurs lekcij. V. 2. Vladivostok, 1999. 642 p. (In Russian)
- 7 Sovremennoe ugolovnoe pravo. Obshhaja i Osobennaja chasti: uchebnik. M.: Ilekxa, 2007. 780 p. (In Russian)
- 8 Ugolovnoe pravo. Obshhaja chast’. Nakazanie. Akademicheskij kurs. V. 1. M., 2021. 820 p. (In Russian)

- 9 Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii ot 13.06.1996 N 63-FZ (red. ot 29.12.2025). URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_/ (data obrashhenija: 27.01.2026) (In Russian)
- 10 Komar L., Nellis A., Budd K. Counting Down: Paths to a 20-year Maximum Prison Sentence. Washington, DC: The Sentencing Project. 2023. URL: https://www.researchgate.net/publication/368533465_Counting_down_Paths_to_a_20-year_maximum_prison_sentence/ (accessed: 25.08.2025). (In English)
- 11 By Becky Feldman // The Second Look Movement: A Review of the Nation's Sentence Review Laws. 2025. URL: <https://www.sentencingproject.org/reports/the-second-look-movement-a-review-of-the-nations-sentence-review-laws/#footnote-ref-8/> (accessed: 25.08.2025). (In English)
- 12 O profilaktike pravonarushenij. Zakon RK ot 29 aprelja 2010 goda No. 271-IV. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_ (data obrashhenija: 24.03.2025) (In Russian)
- 13 Shnarbaev B.K. (2008) Nakazanie po ugolovnomu zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan: uchebnoe posobie. Astana: Institut zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan. 106 p. (In Russian)
- 14 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq-atqaru kodeksi. 2014 jylǵy 5 şildedegı № 234-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234> (ötiniş berilgen kün: 24.05.2025) (In Kazakh)
- 15 Qazaqstan Respublikasy Bas prokuraturasynyñ Qūyqytyq statistika jāne arnaiy esepke alu komitetiniñ esepteri: şartty türde merzimmen bürin bosaǵandar sany; sottardyñ qyzmeti turaly esepter; qylmystyq qudalu organynyñ negizgi körsetkişteri. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/files/> (ötiniş berilgen kün: 11.07.2025) (In Kazakh)
- 16 Itogi rabot za 1 polugodie 2025 goda Verhovnogo suda. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36262566 (data obrashhenija: 10.07.2025) (In Russian)
- 17 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq-prosestik kodeksi 2014 jylǵy 4 şildedegı. No. 231-V. URL: https://kodeksy-kz.com/ugolovno-protsestualnyj_kodeks.htm / (ötiniş berilgen kün: 24.01.2026) (In Kazakh)
- 18 Hegheş N-E., Cristean V. (2019) Conditional Liberation – One of the Measures to Achieve the Purpose of Criminal Punishment // RAIS Conference Proceedings. The 12th International RAIS Conference on Social Sciences & Humanities. URL: https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3388041 (accessed: 24.12.2025) (In English)
- 19 Avdeev V.A. (2012) Istorija formirovaniya instituta uslovno-dosrochnogo osvobozhdenija. Irkutsk, 158 p. (In Russian)

УРБИСИНОВА Н.Е.,*¹

докторант.

*e-mail: nukon_81@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-4380-2292

АКИМЖАНОВ Т.К.,¹

д.ю.н., профессор.

e-mail: akimzhanovtk@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0402-7441

ЖУГРАЛИНА Б.М.,¹

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: ba.zhugralina@turan-egu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5786-5713

БУКАЛЕРОВА Л.А.,²

д.ю.н., профессор.

e-mail: l_a_buka@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2794-5074.

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

²Московский энергетический институт,

г. Москва, Россия

РЕАЛИЗАЦИЯ ЦЕЛЕЙ УГОЛОВНОГО НАКАЗАНИЯ В ИНСТИТУТЕ УСЛОВНО-ДОСРОЧНОГО ОСВОБОЖДЕНИЯ

Аннотация

В статье раскрываются основные положения законодательного закрепления в УК и УИК РК целей уголовного наказания и сделан подробный их анализ на предмет соответствия реалиям современности. В работе проанализированы взгляды ряда советских и постсоветских исследователей, включая ученых Российской

Федерации и Республики Казахстан, относительно содержания и наказания уголовного наказания. Представленные авторами концепции отражают исторически сформировавшееся и в настоящее время общепринятое понятие целей наказания. Одновременно обращается внимание на существующие в доктрине и правоприменительной практике противоречия, касающиеся формулирования и их реализации в процессе исполнения наказания. Целью исследования является выявление отдельных аспектов законодательного закрепления целей наказания, а также анализ их возможного влияния на процесс назначения наказания и условно-досрочного освобождения от его отбывания. Кроме того, в ходе исследования предусмотрен анализ влияния целей наказания. Научная значимость исследования заключается в комплексном анализе возможности реализации целей наказания в процессе условно-досрочного освобождения от его отбывания. Практическая значимость заключается в раскрытии возможности целесообразного применения целей наказания. В процессе исследования были использованы соответствующие методы и необходимые нормативные правовые акты.

Ключевые слова: наказание, цели наказания, эффективность наказания, превентивные механизмы, профилактика преступности, институт условно-досрочного освобождения.

URBISINOVA N.E.,*¹

doctoral student.

*e-mail: nukon_81@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-4380-2292

AKIMZHANOV T.K.,¹

d.l.s., professor.

e-mail: akimzhanovtk@mail.ru

ORCID ID: 0009-0001-0402-7441

ZHUGRALINA B.M.,¹

c.l.s., associate professor.

e-mail: ba.zhugralina@turan-egu.kz

ORCID ID: 0000-0002-5786-5713

BUKALEROVA L.A.,²

d.l.s., professor.

e-mail: l_a_buka@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-2794-5074.

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

²Moscow Power Engineering Institute (MPEI),

Moscow, Russia

REALIZATION OF THE OBJECTIVES OF CRIMINAL PUNISHMENT WITHIN THE INSTITUTION OF CONDITIONAL EARLY RELEASE

Abstract

This article examines the main principles of legislative codification of the objectives of criminal punishment in the Criminal Code and the Criminal Executive Code of the Republic of Kazakhstan. The paper analyzes the views of a number of Soviet and post-Soviet researchers, including scholars from the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan, regarding the content and punishment of criminal punishment. The concepts presented by the authors reflect the historically formed and currently generally accepted concept of the goals of punishment. At the same time, attention is drawn to existing contradictions in doctrine and law enforcement practice regarding their formulation, formulation, and implementation during the execution of punishment. The purpose of this study is to identify specific aspects of the legislative definition of punishment goals and analyze their potential impact on the sentencing and parole process. Furthermore, the study includes an analysis of the impact of punishment goals. The scientific significance of this study lies in its comprehensive analysis of the feasibility of implementing punishment goals during the parole process. Its practical significance lies in its exploration of the feasibility of appropriately applying punishment goals. The study utilized relevant methods and relevant legal frameworks.

Keywords: punishment, the purposes of punishment, effectiveness of punishment, preventive mechanisms, crime prevention, the institution of parole (early conditional release).

Мақаланың редакцияға түскен күні: 02.01.2026